

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 398:801.6; 398:82.0; 801.8; МҒТАР 17.71.07

<https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.189>Г. АБИХАНОВА¹, М. САТИНБЕКОВА², Е. ХУАТБЕКҰЛЫ³¹PhD, Қожа Ахмет Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

²PhD, Қ.И. Сәтбаев ат. қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: m.satinbekova@satbayev.university

³PhD, М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: erema_k91@mail.ru

**«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ МОТИВ ИНДЕКСІ
(ААРН-ТОМПСОН ЖІКТЕУІ БОЙЫНША)**

Аңдатпа. Мақалада «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтық жырындағы Аарн-Томпсон-Утер (ATU) жүйесі бойынша мотивтер индексі талданады. Қазіргі қазақ фольклортануы ғылымның дамуына байланысты елеулі өзгерістерді бастан өткеруде. Аарн-Томпсон-Утер (ATU) жүйесі – бұл фольклортануда ертегі жанры мен түрлері көрініс тапқан тізімдер жинағы. Ал бұл мақала ертегі жанры емес, эпикалық жыр жанрындағы мотивтердің индексін талдайды.

Зерттеудің өзектілігі жанрдағы жаңа форманы, оның қазақ фольклортануы контексіндегі рөлі мен мәнін түсінуден туындап отыр. Мотивті индексіне қарай нөмірлеу, жинақтау қазақ фольклортануында бүгінге дейін ғылыми айналымда болмаған. Қазақ ғашықтық жырлары мәтініне дәстүрлі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпостық жыры алынып отыр.

Қазіргі қазақ фольклортануындағы мотивтер индексінің ғылыми маңызы айқындалып, тың қорытындылар жасалады. Мақаланың ғылыми маңыздылығы – эпикалық жырларды мотив индексіне қарай талдау ғылыми тұрғыдан зерттеуді қамтамасыз етсе, тәжірибелік мәні – зерттеу жұмысының нәтижесін жоғары оқу орны студенттері, магистранттар мен докторанттар және әдебиеттанушылар өз зерттеулерінде пайдалана алады. Ғашықтық жырлардың мотив индексіне қарай талдау жасау бүгінде өзекті мәселе. Бүгінгі зерттеу жұмысында мотивтерді индексіне қарай нөмірлеп, ғылыми айналымға енгізудің кезек күтірмейтін мәселе екені айқындалды.

Мақалада «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтық жыры талдауға негізделіп, мотив индексіне қатысты ғылыми тұжырымдар беріледі, ол фольклортану ғылымында өзіндік орын алатын маңызға ие. Зерттеу нәтижелері ЖОО-да фольклортану пәнін оқытудың әдістемесі негізінде көмекші құрал бола алады.

Кілт сөздер: Аарн-Томпсон, мотив, индекс, фольклор, эпос, нөмір.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Абиханова Г., Сатинбекова М., Хуатбекұлы Е. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мотив индексі (Аарн-Томпсон жіктеуі бойынша) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №2 (136). – Б. 7–17. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.189>

***Cite us correctly:**

Abihanova G., Satinbekova M., Huatbekuly E. «Qozy Korpesh – Baian sulu» jyrnyn motiv indeksi (Aarn-Tompson jikteui boynsha) [Motif Index of the Epic Poem “Kozy Korpesh - Bayan Sulu” (According to Aarne-Thomson Classification)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №2 (136). – B. 7–17. <https://doi.org/10.47526/2025-2/2664-0686.189>

Мақаланың редакцияға түскен күні 10.01.2025 / қабылданған күні 30.06.2025

G. Abikhanova¹, M. Satinbekova², E. Khuatbekuly³¹PhD, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz²PhD, K.I. Satbayev Kazakh national research technical university
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: m.satinbekova@satbayev.university³PhD, M.O. Auezov Institute of Literature and Art
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: erema_k91@mail.ru**Motif Index of the Epic Poem “Kozy Korpesh – Bayan Sulu”
(According to Aarne-Thomson Classification)**

Abstract. The article analyzes the motif index in the love poem “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” according to the Aarne–Thompson–Uther (ATU) system. Modern Kazakh folklore studies are undergoing significant changes due to advancements in research. The Aarne–Thompson–Uther (ATU) system is a collection of lists that classify genres and types of fairy tales in folklore studies. This article analyzes the motif index in the epic poem genre, not in the fairy tale genre.

The relevance of the research stems from understanding the evolving nature of the genre, its role, and its significance in the context of Kazakh folklore studies. An analysis is carried out on the traditional epic poem “Kozy Korpesh – Bayan Sulu”. The scientific significance of the motif index in modern Kazakh folklore studies is determined, and new conclusions are drawn. Numbering and compiling the motifs according to the index has not been introduced into scientific circulation in Kazakh folklore until today.

The academic significance of the article lies in the fact that analyzing epic poems according to the motif index provides a scholarly framework, while the practical significance is that the study results can be used by university students, graduate students, doctoral candidates, and literary critics in their research. Conducting an analysis of love poems according to the motif index is a crucial task. This research highlights the urgent need to classify motifs numerically according to their index and introduce them into scientific circulation.

The article is based on the analysis of the love poem “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” and provides scientific insights regarding the motif index, which holds a special place in folklore studies. The results of the study can serve as an auxiliary resource in the methodology of teaching folklore studies at higher educational institutions. The scholarly conclusions presented in the article relate to the motif index based on the analysis of love poems and hold a significant place in the field of folklore studies. The findings of this study will be a valuable reference for teaching methodologies at the university level.

Keywords: Aarne-Thompson, motif, index, folklore, epic, number.

Г. Абиханова¹, М. Сатинбекова², Е. Хуатбекулы³¹PhD, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz²PhD, Казахский национальный исследовательский технический университет им. К.И. Сатпаева
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: m.satinbekova@satbayev.university³PhD, Институт литературы и искусства им. М.О. Ауезова
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: erema_k91@mail.ru**Индекс мотива эпоса «Козы Корпеш – Баян Сулу»
(по классификации Аарне–Томпсона)**

Аннотация. В статье анализируется индекс мотивов по системе Аарне–Томпсона–Утера (ATU) в романическом эпосе «Козы Корпеш – Баян Сулу». Современная казахская

фольклористика переживает значительные изменения, связанные с развитием науки. Система Аарне–Томпсона–Утера (ATU) представляет собой сборник списков, в которых сказочный жанр и его типы отражены в фольклористике. Однако в данной статье анализируется индекс мотивов в жанре эпической поэмы, а не в жанре сказки.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью понимания новой формы жанра, его роли и сущности в контексте казахской фольклористики. Нумерация, обобщение мотивов по индексу до настоящего времени не находилось в научном обороте в казахской фольклористике. Проведен анализ традиционного эпического текста «Козы Корпеш – Баян Сулу», относящегося к казахским лироэпическим произведениям.

Определено научное значение индекса мотивов в современной казахской фольклористике, а также сделаны новые выводы. Научная значимость статьи заключается в том, что анализ эпических произведений на основе индекса мотива обеспечивает научное обоснование исследования. Практическая значимость заключается в том, что результаты работы могут быть использованы студентами, магистрантами, докторантами и литературоведами в дальнейших исследованиях.

Статья основана на анализе романического эпоса «Козы Корпеш – Баян Сулу» и дает научные выводы относительно индекса мотива, который имеет особое значение в фольклористике.

Научные выводы, приведенные в статье, касаются индекса мотивов и основаны на анализе любовных произведений. Эти результаты могут быть представлены широкой публике и имеют особую значимость для дальнейшего изучения фольклористики. Итоги исследования станут ценным источником для разработки методики преподавания в вузах.

Ключевые слова: Аарне-Томпсон, мотив, индекс, фольклор, эпос, номер.

Кіріспе

«ATU» Антти Аарн мен Стит Томпсон және Ханс-Йорг Утер ғалымдар үштігінің құрастырған индексі. Алғашында 1910 жылы Антти Аарн неміс тілінде құрастырса, кейін 1928 және 1961 жылдары Стит Томпсон қайта қарап, толықтырып, ағылшын тіліне аударды. 2004 жылы неміс фольклортанушысы Ханс-Йорг Утер қайта толықтырды.

Аарн өзінің алғашқы жинақтауын жасамастан бұрын Свенд Грундтвигтің ертегілерінің классификациялық жүйесін аударды. Бұл каталог фольклортанушылар ағайынды Гриммдер мен Эмануэль Коскиндердің құрастырған Дат халқының ертегілерін халықаралық коллекциямен салыстырылған 134 түрінен алынды.

Аарн-Томпсон ертегілерінің индексі ертегілердің әрқайсысын жекелеп нөмірлеп көрсетіп отырады.

Атауы бір болғанымен оны қолдану әртүрлі болып табылады. Ертегінің бір түрінің нөмірі ол ертегінің тағы бір нұсқасының немесе мотивінің нөмірі болуы да мүмкін. Ол әр елдің мәдениетіне байланысты өзгеріп отыруы да заңдылық.

Біз өз жұмысымызда мотивтер индексінің эпикалық жырларда, оның ішінде қазақ ғашықтық жырларында көрініс беруіне қарай талдайтын боламыз.

Фольклортану ғылымында дүниежүзі халықтары фольклорының дамуында сюжет пен мотивтерін индекспен нөмірлеп, көрсету мәселесі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қозғала бастады.

Қазақ фольклорында ғалым Е. Еркін мотив индексі жайлы «Ана тілі» газетінде мақала жариялаған болатын. Онда көптеген зерттеушілердің аңыз-ертегі жанрларының классификациясын жасап, түрлерге бөліп белгілеген. Зерттеуші өз мақаласында 1864 жылы «Грек және Албания аңыздары» еңбегінің авторы германиялық Ханн (I. Hahn) атты ғалымның аңыз бен ертегіні жанрына қарай ажыратып, қырық түрлі етіп жіктегенін сөз етеді. Сол сияқты В. Жирмунскийдің аңыз бен ертегі жанрларын үш түрлі формаға бөліп

қарастырғанын атап көрсетеді. Олар: тұрмыстық аңыз-ертегілер және миф пен хайуанаттар туралы аңыз-ертегілер жанрлары болатын. Сонымен бірге Е. Еркін С. Баринг Коулд (S. Baring Gould), Р. Тэмпл (R. Templ), Ф. Стил (F. Steel), Сахаров, т.б. зерттеушілердің аңыз-ертегі жанрларын белгілеріне қарай таратып, каталог жасауда біршама үлес қосқандарын айтып береді [1, 9-б.]. Қазақ ғалымдары арасында ертегі жанрына алғашқылардың бірі болып көңіл бөліп, хайуанаттар туралы, батырлар туралы, қиял-ғажайып ертегілер деп жанрлық түріне қарай ажыратып берген М. Әуезов болатын [2].

Фольклортану ғылымында мотивтерді индексіне қарай нөмірлеудің іргесін қалаған профессор А. Аарн (1925–1867 Antti Arne) еді. Кейін жолын жалғаған Стит Томпсон (1926–1927) болды. Мотивтерді индекске қарай бөліп, оны нөмірлеп көрсетуде Стит Томпсон мен Анти Аарнның есімі бірге қолданылып жүргендіктен қазір ғылымда «Аарн-Томпсон жүйесі» «АТ жіктеу әдісі» атымен белгілі.

Мақаланың негізгі мақсаты – қолданатын мотивтерді ғалым Стит Томпсонның «Motif-Index of folk-literature» атты еңбекте берілетін индекс нөмірлерімен салыстырып, көрсету болып табылады.

Бұл тақырыптың өзектілігі жаңа форманың, яғни ғашықтық жырлардағы мотивтердің индексін қалай оқуға болатыны және оны ажырата білу қажеттігінен туындап отыр. Зерттеудің мақсаты – дәстүрлі шығармаларға талдау жасау, оның үлгілерін қарастыру және ерекшеліктерін анықтау. Осы тұрғыдан алғанда мотивтерді тауып, оны индекске қарай нөмірлеп, анықтау бүгінгі фольклортану үшін өзекті мәселе.

Басқа ел секілді қазақ эпикалық шығармаларының мотивтерін индексстерге қарай нөмірлей отырып зерттеу - бүгінгі күн тәртібіне қойылу керек кезек күттірмейтін мәселесі. Бұл шағын зерттеу мотивтердің өзіндік ерекшеліктерін, мотив типтерінің қызметтері мен мүмкіндіктерін талдауды қамтиды. Бұл жұмыста қазақ ғашықтық жырларының мотивтерін индексіне қарай нөмірлеу әлемдік фольклортану негізінде қарастырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысының нысаны – қазақ ғашықтық жырларындағы мотивтерді АТ жүйесі бойынша индекспен нөмірлеу. Зерттеу материалдарына «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары іріктеліп алынды.

Аталған жырлар материалдарын қарастыру барысында зерттеуге алынып отырған тақырыптың өзектілігі мен дәйекті мәтіндерге баса мән берілді. Тақырыпқа байланысты жырлар сұрыпталып алынып, салыстырмалы талдау, сипаттау, сараптаулар жүргізілді.

Зерттеу жұмысында пайдаланылған негізгі материалдар ретінде Стит Томпсонның «Motif-Index of folk-literature» алты томдығының бірінші томы және қазақ ғашықтық жырлары алынды.

Фольклортану ғылымында мотивтерді индекске қарай нөмірлеу әлі зерттелмеген, тың тақырып. Қазақ фольклортануында ғашықтық жырлар мотивтері нөмірленбегендіктен, бұл тақырып жайлы зерттеу, талдау жұмыстары жүргізілмеген. Бұл мақала осы жағынан алғанда фольклортану ғылымы қоржынына қомақты үлес қосар зерттеу болады деген ниеттеміз.

Талдау мен нәтижелер

Аарн-Томпсон ертегілерінің индексі ретін қалай көре аламыз? Егер зерттеуші «өліп-тірілу» мотивін іздейтін болса, ең алдымен 1) мотив нөмірін, 2) мотив кездесетін дәстүр немесе шығарманы, 3) мотивтің сипаттамасы мен атауын, 4) мотивке жақын дүниелерді ажырата білу керек. Міне осы мәселелерді қарастырғанда мотив индексіне жол ашылады.

Әлем фольклортануындағы әйгілі мотив «Түс көру» мұнда екіге бөлініп беріледі: ұйқыға тарту/ұйқыдан ояту және түс көру. «Ұйқы» мотиві 41 индекспен нөмірленеді: D1364.0.1. - D1364.0.2. басталып, D1364.32. аяқталады. Индекс нөмірлері түрлі тақырыпта

беріледі. Мысал ретінде D1364.0.1. нөмірдегі индекс «сиқырлы сакина ұйқыдан оятады», «сиқырлы фонтан ұйықтатады», «ұйқы тікенегі», «сиқырлы алма ұйықтатады», «сиқырлы гүл ұйықтатады» және т.б. 41 индексмен жіктеліп кете береді.

Ал «Түс көру» D1800-D1949 «сиқырдың жалғасуы» деп үлкен пунктпен беріліп, ішінара субмотивке [3] қарай бөлініп кетеді. Мәселен, D1810.8.2.1. D1810.8.2.1. нөмірлі индекстер (Dream shows where stolen girl is hidden – қыздың жасырылғанын түс көру арқылы табу) D1810.8.2.2. D1810.8.2.2. (Person dreams of spot where drowned body lies [4] – адамның суға батқан орны түсіне аян беру арқылы көріну), (D1810.8.2.3. D1810.8.2.3. (Murder made known in a dream – түсінде көрген өлімнің орындалуы) деп әрі қарай жіктеліп кетеді. Сол сияқты D1810.8.2.4. D1810.8.2.4. (Dream tells of safety of absent person who has been in danger – қауіпте болған адамның қауіп туралы түсінде алдын ала болжауы), D1810.8.2.5. D1810.8.2.5 (Raja told in a dream the stranger he seeks to destroy is his own son – Раджаны (өз ұлы) бейтаныс адамның өлтіргісі келіп жүргені жайлы түсінде аян берілуі) қазақ ертегілерінде ханның кеңесшісіне не түс жорушы ақсақалдарына жорытуы сәйкес келеді. Батырлық жырларда көбіне D1810.8.3. D1810.8.3. (Warning in dreams – түсінде ескерту берілуі), D1810.8.3.1. D1810.8.3.1. (Warning in dream fulfilled – түсіндегі аяанның орындалуы) мыстан кемпір мен диуананың жоруы арқылы дәл келеді. Жұмыс барысында D1810.8.3.1.1. D1810.8.3.1.1. (Dream warns of illness or injury – түстің ауру немесе жарақат туралы ескертуі. The dream is fulfilled – түстің орындалуы) D1810.8.3.2. D1810.8.3.2. (Dream warns of danger which will happen in near future – жақын арада төніп тұрған қауіп туралы ескертеді. Because of advance knowledge, the danger is averted – ескерту арқылы қауіптің сейілуі) [4, 96-б.] деп мұндай индекстердің ішінара бөлініп кеткеніне тоқталатын боламыз (1-кесте).

Қазақ фольклорында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтық жырының М. Көпеев нұсқасында бұл мотив төмендегідей жағдайда көрініс береді:

1. Баянның сүйіктісі Қозы өлген кезде жоқтап отырған Баян ұйықтап кетеді де қырық шілтен түсіне еніп, аян береді;

2. Өлген ғашықтардың қайта тірілгенін Баянның анасы Қаракөз түс көріп білуі;

3. Баян сұлудың сүйіктісі Қозының анасының күң болып жүргенін түсі арқылы білуі;

4. Қозы мен Баянның түсіне әулие-әнбиелер, яғни Баба Түкті Шашты Әзіздің енуі және қос ғашыққа Аягөз жеріне бар деуі, аян беруі.

Түс көру мотивін қолдану қазақ фольклорында бұрыннан бар негізгі тәсіл. Бұл туралы зерттеуші-ғалымдардың әр түрлі ғылыми пікірлері мен жазған зерттеу жұмыстары жетерлік [5, 66-б.].

Сөзімізге дәлел ретінде фольклортанушы ғалым Ш. Ыбыраевтың мына ойын алға тартуымызға болады: «Алда болатын оқиғаның хабар түрінде берілу тәсілі әр түрлі... ең көп тарағаны – түс көру. Бұл мотив кездеспейтін қазақ эпосы некен-саяқ. Түстің өзі ауыспалы мағынада, астарлап көру және тура мағынасында, өмірде қалай болып жатса сол қалпында көру түрінде келеді. Бірақ қалай болған күнде де екеуінің атқаратын қызметі біреу – болған (не болатын) жақсылықтан (не жаманшылықтан) кейіпкерді хабардар ету. Түстегі көрген оқиға (не жақсылық, не жамандық) өңде де сол қалпында қайталанатын. Түстегі жақсылық жаманшылыққа, жаманшылық жақсылыққа еш уақытта айналмайды. Оны жоруда, мән-мағынасын түсінуде орын алуы мүмкін қателік эпоста айтылмайды... Түс пен өңнің арасындағы сәйкессіздікті эпос жоққа шығарады. Бұл өзгешеліктің эпос поэтикасына да тікелей қатысы бар. Себебі түс көрудің себебінен жолға шыққан батырдың барған жерінде ешқандай өзгеріс болмаса, яғни түстегі көргені өтірікке шықса, ұзақ жол жүріп, арамгер болған қаһарманды суреттеудің ешқандай да мән-маңызы жоқ. Сондықтан да мұндағы түстің атқаратын қызметі бір бағытта, бір жақты. Оны ойнақшытуға, мағынасын олай да, бұлай да бұрмалауға жол жоқ. Түс міндетті түрде шындыққа айналады» [6, 114–115-бб.].

Түс көру мотивін жеке дара зерттеген фольклортанушы ғалым Б. Әзібаева өзінің «Қазақ эпосының сюжеттері» монографиясында түс көрудің өзін ішінара бөліп, оған мынадай сипаттама беріп: «Ғасырлар қойнауынан жеткен «сәуегей түс» мотиві сюжеттің әрі қарай қозғалып дамуына себеп болады, яғни динамикалық әрі құрылымдық қызмет атқарады... және кейіпкер бейнесін дәріптеуге, болашақта биік деңгейге көтерілетін идеалды қаһарман тұлғасын сомдауға, ұлттық әдет-ғұрыптарды сақтау керектігін және бірлік идеясы мен халықтың ел мен мемлекеттің болашағы туралы ойын, тілек-аңсарын білдіретін көркемдік тәсіл ретінде қолданылады», – деген болатын [7, 191–212-бб.]. Профессор эпикалық жырдағы жанр түрлерінің барлығында дерлік қолданатын кейіпкерлердің түстерін ажыратып, мынадай тоқтамға келеді: «Кейіпкерлер көретін түстер семантикалық мазмұны бойынша былай жіктеледі: 1) кейіпкерге ақпарат берілетін түс; 2) махаббаттың символы болып табылатын түс; 3) кейіпкерге кеңес, тапсырма/нұсқау берілетін түс; 4) кейіпкер шипа/дем алатын түс» [7, 202-б.].

Ғашықтық жырдың Мәшһүр Жүсіп Көпеев вариантында әйгілі мотив төрт мәрте көрініс береді. Талдау жүргізген ғалымдардың тұжырымдарынан түс көруді екіге бөліп: «кейіпкерге ақпарат беретін түс», «кейіпкерге кеңес беретін түс» деп көрсеткен орынды болмақ. Ал Аарн-Томпсон ертегілерілері индексінде түс көру мотиві 15 түрлі индексмен нөмірленеді.

Соның ішінде D1810.8.3. D1810.8.3. (Warning in dreams – түсінде аян беру), D1810.8.3.1. D1810.8.3.1. (Warning in dream fulfilled – түсіндегі аян берудің орындалуы) D1810.8.3.1.1. D1810.8.3.1.1. (Dream warns of illness or injury. The dream is fulfilled – жуырда болатын жарақат пен ауру туралы түсінде аян беруі) деп таратылып береді. Мәселен, D1810.8.3.2. D1810.8.3.2. (Dream warns of danger which will happen in near future Because of advance knowledge, the danger is averted – алдағы күндері болатын қауіпті түс арқылы ескерту және оның алдын алу) нөмірлерімен сәйкес келеді [4, 180-б.].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында кездесетін ерекше мотивтің бірі – «өліп-тірілу». Ол Баян сұлудың ғашығы Қозының өлгенін естігенде Құдайға сиынып, ана құрсағының ішінде жатып қосылған жан жарына қайта жеті ай өмір беруін тілей, аһ ұруы еді. Дәл сол тұста ақ шалмалы бір ата көрініп, қыздың тілегін Жаратқанның қабыл еткенін айтып, ғайып болады. Сөйтіп, Қозы Көрпеш қайта тіріліп, сүйіктісі Баянмен жеті ай бақытты өмір сүреді. Міне, бұл жерде «өліп-тірілу» мотиві айқын байқалып тұр. Әдетте өлген кейіпкер тірілмейді. Оған міндетті түрде кейуаналар, әулие-әнбиелер немесе пейіштің хор қыздары ғана екінші өмір сыйлай алады [5, 70-б.].

Бұл қызықты мотив С. Томпсон еңбегінде «Dead lover's friendly return» деп «Өлі сүйіктісінің достықпен қайта оралуы» E310 нөмірімен көрсетілген [4, 96-б.].

Қозы тірілген кезде жер-дүниені аралап,

Баянмен біраз күн бақытты күн кешіп,

ақ жұмыртқаға айналады:

Қалған екен Қозыкем сағынысып,

Бір ойнайды жарымен табылысып.

Ақ жұмыртқа болысып, жерден шығып,

Жер жүзінде ойнайды шағылысып.

Ата-анасы Баянды қарамайды,

«Балам қайда кетті?» деп сұрамайды.

Ақ жұмыртқа болысып жерде ойнаса,

Жалғыз болып Қодар құл аралайды [8, 52-б.].

Сюжет желісінде Қозының сүйіктісінің сіңлісі Айғыз:

Қозы Көрпештің өлгенін көп естіді,

Тәңір ұрмаса, **сол Айғыз** неге естіді?

Айғыз жолда жете алмай бара жатса,
Қозыкемді тағы өлді деп естіді.
Қозыкемді өлтірді құл қас болып,
Алпыс құлға Қодар құл сол бас болып.
Қозыкемді өлді деп есіткен соң,

Тұра қалды сол жерде **сын тас болып** [8, 54-б.],

тасқа айналып кетеді. Бұл ғылымда «өзгеру немесе киім ауыстыру» мотиві делінеді және бұл көне эпосқа тән болып табылады.

Бұл С. Томпсон мотивтер индексында «Transformation: man to object – miscellaneous – Адамның түрлі кейіпке айналуы» аталып, D 270 индексмен танылады [4, 190-б.].

Сонымен қатар, эпос сюжеттерінде табиғаттың әртүрлі құбылыстарын басқарушы құдайлар мен рухтар бейнеленеді. Олар батырға көмектеседі немесе оның жолын қиындатады. Мысалы, тау рухтары, су құдайлары немесе орман иелері батырға қолдау көрсетуі мүмкін, ал кейде сынаққа айналады.

Жырдың В.В. Радлов жазған версиясы ертегі жанрының сюжетіне негізделген:

- Қозы аяғына металдан жасалған етік киеді, қолындағы ұстаған таяғының өзі темірден жасалған болады;

- Ертегіде батырлар оянбай ұзақ ұйықтаған, сол секілді Қозы да он төрт күн бойы ұйқыда болады;

- Қанат біткен аттардың астау толы алтын-күмісімен бірге аспанға ұшады;

- Қозының тұлпары кекілінің қылын тұтатқанда қасынан табылады;

- Малға яғни қойға тіл бітіп сөйлеп кетеді;

- Қозы өлмейді, сүйіктісімен бақытты өмір сүреді.

Бір-біріне ұқсас екі жанр эпос, ертегі біріне бірі байланысты болғандықтан жанр сюжеттері ауыса береді. Фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов: «...эпоста кейіпкердің толық өмір жолы баяндалмайды, оның характертері әйел алумен ғана тынбайды. ...Батыр үшін өз басының немесе әулетінің қамынан гөрі ел бақыты, ел өмірі маңызды. Міне, осы тұсты бейнелейтін кезде эпостың сюжеттік қана емес, жанрлық ерекшелігі де айқындалады. Басқаша айтқанда, эпостағы ертегі сюжетінің элементтері осымен шектеледі. Бірақ жалпы ертегілік сипат тұрғыда олар мұнда да ұшырасады» [9, 111-б.] деген болатын.

Мінгені ер Қозыкем кер құла-ды,

Кер құланың сауырысын тер қылады.

Қарабайдың қойшысын ұстап алып,

Бұттан алып тазшасын жерге ұрады.

Со **тазшаның киімін киіп алды**,

Сықылды со тазшадай бола қалды.

Бұрын қойды жаймаған сорлы шіркін,

Ауыл жөнін білмей сол кешке қалды [8, 75-б.].

Аталмыш нұсқаның сюжетінде Қозының Тазша балаға айналатын жері кездеседі. Мұндай қойшы, қозышы не Тазша бала болып ел арасына елеусіз келуі қазақ ертегілеріне тән құбылыс. Бұл батырлық жыр «Алпамыс батыр» жырында да кездеседі. Онда диуана болып құбылады. Бұлай құбыла алу немесе «Киім ауыстыру» жәй мотив емес, ол батырдың немесе кейіпкердің белгілі бір тылсым күш не сиқырға ие адам екенін көрсетеді. Бұл С. Томпсонның мотивтер каталогында «Transformation of man to different man» («Адамның басқа жанға өзгеріп кетуі») D 10-D 99 нөмірлі индексмен таңбаланған. Бұл әлем фольклорында ентелеген қиындықтан немесе түрлі кедергіден құтқару жағдайында пайдаланылады. Мотив – өз қалыңдығын қаламаған адамынан құтқару қызметін атқарып тұр және бұл сюжеттің бір бөлшегі болып табылады. Осы орайда, Б.Н. Путиловтың «Мотив как сюжетообразующий

элемент» еңбегіндегі фольклорлық шығарма сюжетіндегі мотивтердің рөлі мен байланысын анықтау мәселелерін шешкен [10, 141-б.] және ғалымның «фольклорлық шығармадағы мотив фольклортанушылар үшін салыстырмалы түрде дербес, толық және салыстырмалы түрде сюжеттің бір бөлшегі, элементі болып табылады» деген пікірін алға тартуға болады [10, 141-б.].

Е. Арғынбаев өзінің «Petrification» motif in Kazakh legends» (Қазақ аңыздарында «тасқа айналу» мотиві) атты мақаласында былай дейді: «The main theme in stories involving petrification is often “punishment”, but psychological states such as “fear”, “shame”, “salvation”, and “helplessness” also play a significant role. In this study, 15 Kazakh legends were examined, and the petrification motif was identified according to the following criteria: 1) petrification due to the wrath of God; 2) petrification due to one’s wish or someone else’s prayer; 3) petrification due to a curse; 4) petrification due to Exhaustion and inability to fight; 5) petrification due to sadness; and 6) petrification of a dead anima» Ауд.: Тасқа айналу мотиві бар аңыздардың басты тақырыбы көбінесе «жаза» болып табылады, бірақ «қорқыныш», «ұят», «құтқарылу» және «дәрменсіздік» сияқты психологиялық күйлер де маңызды рөл атқарады.

Бұл зерттеуде 15 қазақ аңызы талданып, тасқа айналу мотиві келесі критерийлер бойынша анықталды:

1. Құдайдың қаһарынан тасқа айналу;
2. Өзінің немесе басқа біреудің тілегіне байланысты тасқа айналу;
3. Қарғыстың салдарынан тасқа айналу;
4. Шаршау және күресуге қабілетсіздіктен тасқа айналу;
5. Қайғы-қасіреттен тасқа айналу;
6. Өлі жануардың тасқа айналуы, -

деп жіктеп берген болатын [11, 9-б.] (Ауд. Г. Абиханова).

Ертегілік сюжетке құрылған В.В. Радлов нұсқасында кездесе бермейтін «Ішімдік ішу» мотиві көрінеді:

Үйге жетіп, **Қозыкем** аттан түсіпті,

Есікті ашып Қозыкем үйге кіріпті.

Алтын шымылдық жерге жайып отырғызып,

«Іш, мырза» деп **арақ пен шарап ұсыныпты** [8, 80-б.].

«Арақ-шараппен сыйлау» көп кездесе бермейтін мотив. Алайда, ежелгі түркілер мен сақ, ғұн тайпаларында көшпенді елдің хандарына арақ не шарап ішкізіп, құрмет, сый көрсеткен сыңай танытып, құйтұрқы әрекеттерін жүргізгенін білеміз. Ол бұрынғы Қытайдың Тан патшалығы заманынан белгілі. Бұл мотив «Алпамыс батыр» жыры мен «Қамбар батыр» жырының Диваев нұсқасында да көрініс береді. «Арақ ішу» мотиві әлемдік каталогта «Origin of drunkenness» деп аталып, A1386. A1386 нөмірімен белгіленеді.

Аталмыш мотив жыр сюжеттерінде көп кездеспегенмен салмақты қызмет атқарады. Яғни басқалай ала алмаған батырын немесе дұшпанын алдап, есінен айыру арқылы қолға түсіру. Арақ-шарап қазақ эпостарында қымызбен алмастырылады. Мәселен, «Алпамыс батыр» батырлық жырында мыстан кемпір сұлу қырық қызды алдына салып, арбап, батырды қызықтырып, қымызға тойдырып, батырды мас қылған. Ерік-жігерінен айырылған батыр солай қолға түседі. Ал біз алып отырған ғашықтық жырда Қодар өзінің жауынан сескеніп, оны ішімдікпен сый-құрмет көрсетіп, мас етеді де жанын алмақ болады. Бұл жөнінде орыс ғалымы М. Кузьмина «Анализ бурятского и алтаиского героического эпоса показывает, что эпизоды с описанием возлияний являются не случайными в текстах, о чем свидетельствует их вхождение в такие типические места как II. A.13 «Богатырская еда», II.A.20 а) «Трудная задача, задаваемая жениху, II.A. 21. «Пир»» деп жіктеп берген болатын [12]. Мұнда мотив өз жауын арнайы жоспармен есінен тандырып, ойын іске асыру функциясын атқарып тұр.

1-кесте – Мотив нөмірлері

№	АТ-жүйесіндегі мотивтердің индексі	Оқылуы	Қазақ жырларында кездесуі
1	D1364.0.1. Ring wakes from magic sleep	«сиқырлы сақина ұйқыдан оятады»	
2	D1364.1. D1364.1. Fountain causes magic sleep	«сиқырлы фонтан ұйықтатады»	
3	D1364.2. D1364.2. Sleep-thorn. Thorn causes magic sleep.	«ұйқы тікенегі»	
4	D1364.4.1. D1364.4.1. Apple causes magic sleep.	«сиқырлы алма ұйықтатады»	
5	D1364.3. D1364.3. Flowers cause magic sleep	«сиқырлы гүл ұйықтатады»	
6	D1800-D1949 Lasting magic qualities	«сиқырдың жалғасуы»	
7	D1810.8.3. D1810.8.3. Warning in dreams	түсінде аян беру	«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғашықтық жырының М. Көпеев нұсқасы
8	D1810.8.3.1. D1810.8.3.1. Warning in dream fulfilled	Түсіндегі дабылдың орындалуы	
9	D1810.8.3.1.1. D1810.8.3.1.1. Dream warns of illness or injury.	жуырда болатын жарақат пен ауру туралы түсінде аян беруі	
10	D1810.8.3.2. D1810.8.3.2. Dream warns of danger which will happen in near future Because of advance knowledge, the danger is averted	алдағы күндері болатын қауіпті түс арқылы ескерту және оның алдын алу	
11	E310. Dead lover's friendly return	«өліп-тірілу» мотиві «Өлі сүйіктісінің жақсылықпен қайта оралуы»	«Қозы Көрпеш Баян сұлу» жыры
12	D 270. Transformation: man to object – miscellaneous	«Адамның түрлі заттарға өзгеруі»	«Қозы Көрпеш Баян сұлу» жыры
13	A1386. A1386. Origin of drunkenness. Jewish: Neuman	«Арақ ішу»	«Қозы Көрпеш Баян сұлу» жыры

Әлем фольклортануында мотивтерді индекспен нөмірлеу ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде бастау алғаны мәлім. Қазақ фольклортануында да сирек болса да қозғалып жүргені аян. Ал эпикалық жырлардағы мотивтердің индексі шағын жұмыста біршама саралауға түсті. Фольклорлық шығармалардың мотивтерін нөмірлеу кезек күттірмейтін мәселе. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған тұжырымдар:

- Қазақ фольклортануында мотивтерді индекспен нөмірлеу ХХІ ғасырдағы қазақ фольклортануының маңызды сипаты екенін көрсетеді.

- Аңыз-ертегіден басқа эпикалық жырларда да мотивтер сан алуан. Оларды индекспен қазақшалап, жинақтау әлемдік фольклортанумен өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

- Эпикалық дәстүрлі жырлар жаңаша талданып, заманға сай сұраныста болады.

Эпикалық шығармалардың мотивтерін жекелей алып, зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ фольклортану ғылымы белсенді даму мен үдерістің жаңа элементіне айналады және жаһандық үрдіске сай өркендей түсетіні анық.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді ХХІ ғасырдағы «Қазақ фольклоры» пәнін оқыту мен студенттердің ғылыми жұмыстарына және магистрант, докторанттардың зерттеу жұмыстарына пайдалануға болады.

Қорытынды

«Аарн–Томпсон жүйесі» немесе «АТ жіктеу әдісі» бойынша жинақталған индекстен кейін әр ел өздерінің мотивтерін жинақтады. Соның ішінде фольклортанушы ғалым В. Проптан кейін талдау жасаған елдер Бодоливер және Оңтүстік Америка, Испан тілді аймақтар (1957), Украина (1958), Франция (1957–1976), Үндістан-Пәкістан (1960), Литва (1936–1940), Испания (1930), Қытай (1937–1978), Италия (1942), Ирландия (1952), Түркия (1953), Батыс Индонезия топ аралдары (1953), Үндістан (1957), Жапония (1966–1971), Англия және Солтүстік Америка (1966), Исландия (1966), Шығыс, Солтүстік Африка (1966), Орталық Африка (1967), Мексика (1973), Латвия (1977), Грузия (1977), Белоруссия (1978) халықтары аңыз бен ертегі жанрларындағы мотивтерінің индексын жинақтап, баспадан шығарды. Кезек қазақ фольклортануына да жеткендей. Ертегілер ғана емес, эпикалық мұраларды қоса жинақтап, нөмірлеп, мотив индексын жасау жұмыстарын қолға алу – бұл әр елдің күн тәртібіндегі мәселесі мен міндеті.

Қорытындылай келе, қазақ ғашықтық жырларындағы мотивтерді нөмірлеу, индексын жинақтап, анықтауда қиындықтың болатыны анық. Дегенмен, осы арқылы қазақ ертегілері, эпикалық жырларында өзге елде кездеспейтін мотивер арқылы өз еліміздің ерекшелігі мен ұлттық дүниетанымымыздың рөлі туралы терең ойлануға шақырады. Бұл халықтың өзінің ішкі өзегіндегі ұлттық кодпен сәйкес келетін фольклорлық мұра. Демек, эпикалық мұралардағы әлемдік фольклортануда өзекті саналатын мотивтерді индексмен нөмірлеу біздің мұрамыздың айырмашылығы мен оның тұрмыстағы қарапайым көріністері арқылы айқындалатыны түсінікті. Нәтижесінде, әлемдік деңгейге көтеріліп, өз мотивтеріміз жинақталады. Халықтық сипаты жағынан бұлай жинақтау мотивтерді реалистік тұрғыда қайта зерделеуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Еркін Е. Аңыз-ертегілердің мотив индексі хақында // Қазақ әдебиеті. – 2018. – №37 (3619). – Б. 9.
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. Кіт.: Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т.4. Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924–1930. – Алматы: Дәуір: Жібек жолы, 2001. – Б. 5–236.
3. Субмотив. [Электронды ресурc]. URL: <https://www.belcanto.ru/submotiv.html> (қаралған күні 06.08.2024)
4. Thomson S. Motif-Index of folk-literature. Volume one. A-C. – Indiana University press Bloomington & Indianapolis, 1955. – 554 p.
5. Абиханова Г. Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, негізгі сюжеттері, текстологиясы: Философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2020. – 152 б.
6. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы: монография. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
7. Әзібаева Б.У. Қазақ эпосының сюжеттері. – Алматы: Servise press, 2014. – 576 б.
8. Бабалар сөзі. Ғашықтық жырлар. Т. 54. / Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайынд.: Алпысбаева Қ., Қосан С. – Астана: Фолиант, 2009. – 456 б.
9. Путилов Б.Н. Мотив как сюжетобразующий элемент // Типологические исследования по фольклору. Сборник статей памяти В.Я. Проппа (1895–1970). – М.: Наука, 1975. – С. 141–155.
10. Қасқабасов С.А. Таңдамалы. Мифология. Фольклор. Әдебиет: көптомдық. Т.2. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
11. Argynbaev E. «Petrification» motif in Kazakh legends // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 7–15.

12. Кузьмина Е.Н. Указатель типических мест героического эпоса народов Сибири (алтайцев, бурят, тувинцев, хакасов, шорцев, якутов). – Новосибирск: изд-во СО РАН, 2005. – 1383 с.

REFERENCES

1. Erkin E. Anyz-ertegilerdin motiv indeksi haqynda [On the motifs index of fairy tales] // Qazaq adebiati. – 2018. – №37 (3619). – B. 9. [in Kazakh]
2. Auezov M.O. Adebiet tarihy. Kit.: Muhtar Auezov. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq jinagy. T.4. Zertteuler, oqulyqtar, adebi nusqalar. 1924–1930 [History of literature. In: Mukhtar Auezov. A complete collection of his works in Fifty volumes. T. 4. Research, textbooks, literary versions. 1924–1930]. – Almaty: Daur: Jibek joly, 2001. – B. 5–236. [in Kazakh]
3. Submotiv. [Electronic resource]. URL: <https://www.belcanto.ru/submotiv.html> (date of access 06.08.2024)
4. Thomson S. Motif-Index of folk-literature. Volume one. A-C. – Indiana University press Bloomington & Indianapolis, 1955. – 554 p.
5. Abihanova G. Qytaidagy qazaq gashyqtyq jyrlary: derekkozderi, negizgi siujetteri, tekstologiasy: Filosofia doktory (PhD) ... dis. [Kazakh love songs in China: sources, main plots, textology: dis.]. – Almaty, 2020. – 152 b. [in Kazakh]
6. Ybyraev Sh. Epos alemi. Qazaqtyn batyrlyq jyrlarynyn poetikasy: monografia [Epic world. Poetics of Kazakh heroic songs: monograph]. – Almaty: Gylym, 1993. – 296 b. [in Kazakh]
7. Azibaeva B.U. Qazaq eposynyn siujetteri [Plots of the Kazakh epic]. – Almaty: Servise press, 2014. – 576 b. [in Kazakh]
8. Babalar sozi. Gashyqtyq jyrlar. T. 54. [The word of ancestors. Love songs. Vol. 54.] / Tomnyn gylymi tusiniktemelerin jazyp, baspaga daiynd.: Alpysbaeva Q., Qosan S. – Astana: Foliant, 2009. – 456 b. [in Kazakh]
9. Putilov B.N. Motiv kak siujetoobrazuiushiy element [Motive as a plot-forming element] // Tipologicheskie issledovaniya po folkloru. Sbornik statei pamiati V.Ia. Proppa (1895–1970). – M.: Nauka, 1975. – C. 141–155. [in Russian]
10. Qasqabasov S.A. Tandamaly. Mifologia. Folklor. Adebiet: koptomdyq. T.2. [Custom. Mythology. Folklore. Literature: multi-volume. Vol. 2.]. – Astana: Foliant, 2014. – 344 b. [in Kazakh]
11. Argynbaev E. «Petrification» motif in Kazakh legends // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 7–15.
12. Kuzmina E.N. Ukazatel tipicheskikh mest geroicheskogo eposa narodov Sibiri (altaicev, buriat, tvincev, hakasov, shorcev, iakutov) [Index of typical places of the heroic epic of the peoples of Siberia (Altaians, Buryats, Tuvans, Khakas, Shors, Yakuts)]. – Novosibirsk: izd-vo SO RAN, 2005. – 1383 s. [in Russian]